

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне күзет қызметі, тұрғын үй қатынастары және құқық қорғау қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 12 ақпандағы № 263-VIII ҚРЗ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 44-3) тармақшасында:

үшінші абзацтағы "осы Заңның 101-4-бабының 1-тармағына сәйкес" деген сөздер алып тасталсын;

төртінші абзацтағы "101-1-бабының 4-тармағында, 101-9-бабының 2 және 4-тармақтарында және 101-12-бабының 1-тармағында" деген сөздер "101-1-бабының 4 немесе 5-тармағында және 101-9-бабының 2 және 4-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "101-13-бабында" деген сөздер "101-1-бабының 3-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 101-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"101-1-бап. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган, азаматтық қорғау органы қызметкерінің (курсантты және (немесе) тыңдаушыны қоспағанда) және әскери қызметшінің (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшіні, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшіні, курсант пен кадетті, әскери жиындарға шақырылған әскери міндетті адамды қоспағанда) тұрғынжайға құқығының іске асырылуы

1. Құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкерін (курсантты және (немесе) тыңдаушыны қоспағанда) және әскери қызметшіні (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшіні, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшіні, курсант пен кадетті, әскери жиындарға шақырылған әскери міндетті адамды қоспағанда) тұрғын үймен қамтамасыз ету осы тарауда белгіленген тәртіппен олар тұрғынжайға мұқтаж деп танылған күннен бастап жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған құқық қорғау органы мен азаматтық қорғау органының қызметкерін тұрғын үймен қамтамасыз ету қызметтік тұрғынжай

беру арқылы жүзеге асырылады, ал тұрғын үй төлемдерін алуға жататын лауазымды атқаратын арнаулы мемлекеттік органның қызметкеріне, әскери қызметшіге, сондай-ақ құқық қорғау органы мен азаматтық қорғау органының қызметкеріне олардың тандауы бойынша қызметтік тұрғынжай беріледі немесе олардың жеке арнайы шотына тұрғын үй төлемдері аударылады.

Тұрғын үй төлемдерін алуға жататын лауазымды атқаратын арнаулы мемлекеттік органның қызметкерін, әскери қызметшіні, сондай-ақ құқық қорғау органы мен азаматтық қорғау органының қызметкерін қызметтік тұрғынжай беру арқылы тұрғын үймен қамтамасыз ету тәртібін және тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау тәртібін, сондай-ақ оларды пайдалану мақсаттары мен негіздерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Құқық қорғау органдары мен азаматтық қорғау органдарының тұрғын үй төлемдерін алуға жататын лауазымдар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Өрекеттегі резервтің қызметкері мен әскери қызметшісіне, штаттағы жасырын қызметкерге тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыру тәртібін арнаулы мемлекеттік органдардың, құқық қорғау органдарының (прокуратура мен азаматтық қорғау органдарын қоспағанда) бірінші басшылары және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі айқындайды.

2. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган, азаматтық қорғау органы қызметкерінің және әскери қызметшінің өзі тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайды осы Заңда белгіленген тәртіппен жекешелендіруге құқығы бар.

3. 2013 жылғы 1 қаңтарға күнтізбелік есептеумен он және одан көп жыл әскери қызметте болған, күнтізбелік есептеумен жиырма және одан көп жыл әскери қызмет мерзімі бар және жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғынжайда тұратын әскери қызметшінің Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен ақшалай өтемақы алуға құқығы бар.

4. Отбасының басқа елді мекенге көшу қажеттілігіне байланысты арнаулы мемлекеттік органның қызметкері немесе әскери қызметші жұбайының (зайыбының) қызмет (әскери қызмет) орны өзгерген кезде отбасы жағдайы бойынша қызметтен шығуды қоспағанда, арнаулы мемлекеттік органның қызметкері немесе әскери қызметші қызметте болудың шекті жасына жету бойынша, денсаулық жағдайы бойынша, штаттардың қысқаруына байланысты немесе отбасы жағдайы бойынша қызметтен шығарылған кезде мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжаймен қамтамасыз етілмеген кезеңдер үшін біржолғы тұрғын үй төлемдерін алады.

Арнаулы мемлекеттік органның қызметкеріне, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскери қызметшісіне осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша қызметтен шығарылған кезде біржолғы тұрғын үй

төлемдері арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке (үздіксіз қызметке) кірген соңғы күнінен бастап – 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін, ал Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардан арнаулы мемлекеттік органдарға (үздіксіз қызметке) көрсетілген күннен кейін ауысқан жағдайда бұрын жүзеге асырылған ағымдағы тұрғын үй төлемдерінің кезеңдері шегеріле отырып, 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалады.

Жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғынжайда 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тұрған арнаулы мемлекеттік органның қызметкеріне немесе әскери қызметшіге осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша қызметтен шығарылған кезде біржолғы тұрғын үй төлемдері көрсетілген тұрғынжайда тұрған кезеңдері үшін, бұрын жүзеге асырылған ағымдағы тұрғын үй төлемдерінің кезеңдері шегеріле отырып, ағымдағы тұрғын үй төлемдері мөлшерінің елу пайызы мөлшерінде жүзеге асырылады.

Осы тармақта көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

5. Қызмет өткеру кезеңінде мертігуіне (жарақаттануына, жаралануына, контузия алуына) немесе науқастануына байланысты әскери-дәрігерлік комиссия қызметке (әскери қызметке) жарамсыз деп танып, есептен (әскери есептен) шығарған құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкері және әскери қызметші қызметтен шығарылған кезде аталған қызметкер мен әскери қызметшіге біржолғы тұрғын үй төлемдері Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен аударылады.

6. Тұрғын үй төлемдері Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мақсаттарға пайдаланылады.

7. Тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алу құқығы немесе тұрғынжайға меншік құқығының туындауы бір рет жүзеге асырылады.";

3) 101-4 және 101-5-баптар алып тасталсын;

4) 101-6-баптың 2-тармағында:

1) тармақшадағы "осы Заңның 101-5-бабында көзделген" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "осы Заңның 101-5-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшадағы "осы Заңның 101-5-бабында көзделген" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 101-8-баптың бірінші бөлігіндегі "осы Заңның 101-5-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 101-9-бапта:

1-тармақтағы "жеке арнайы шотындағы тұрғын үй төлемдерін осы Заңның 101-5-бабында көзделген мақсаттарға" деген сөздер "тұрғын үй төлемдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қызмет өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) тұрғын үй төлемдерін алушының отбасы мүшелеріне біржолғы тұрғын үй төлемдері Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.";

4-тармақтағы "101-1-бабының 4-тармағында немесе 101-12-бабының 1-тармағында" деген сөздер "101-1-бабының 4 немесе 5-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 101-12, 101-13 және 101-14-баптар алып тасталсын;

8) 101-15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"101-15-бап. Кейбір тұрғын үй төлемдерін алушылар құқықтарының ерекшеліктері

1. Тұрғын үй төлемдерін алушы:

1) тұрғынжайды меншікке алу, оның ішінде төлемдерді бөліп төлеу немесе ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалану арқылы алу;

2) кейіннен сатып алынатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу;

3) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу кезінде жарналарды төлеу;

4) тұрғын үй және тұрғын үй-құрылыс кооперативіне қатысу кезінде жарналарды төлеу;

5) тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша міндеттемелер орындалғанға дейін "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында 2025 жылғы 1 шілдеге дейін жасалған шарттар бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындағанға дейін ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алу құқығын сақтайды.

Бұл ретте осы баптың бірінші бөлігінде көзделген ағымдағы тұрғын үй төлемдері Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын жағдайларда тоқтатылады.

Осы баптың бірінші бөлігінің күші қызметтен шығарылған адамдарға қолданылмайды."

2. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 16-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен және 6) тармақшасындағы "хабардар етуге міндетті." деген сөздер "хабардар етуге;" деген сөздермен ауыстырылып, 7) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен азаматтық және қызметтік ойық ұңғылы атыс қаруын бақылау мақсатында оқ ату үшін беруге;"

"7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қару мен оның патрондарын қару иесі – занды тұлғаның қызметі тоқтатыла тұрған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ішкі істер органдарына сақтауға тапсыруға міндетті.";

2) 19-баптың 1-тармағы 3) тармақшасындағы "болып табылса, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бірінші және екінші санаттардағы рұқсаттарды тоқтата тұрады." деген сөздер "болып табылса;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) ол азаматтық және қызметтік ойық ұңғылы атыс қаруын бақылау мақсатында оқ ату үшін уақтылы бермесе, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бірінші және екінші санаттардағы рұқсаттарды тоқтата тұрады.";

3) 30-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі "айналымына" деген сөзден кейін "және Мемлекеттік оқ-гильза қоймасының қалыптастырылуына" деген сөздермен толықтырылсын.

3. "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Күзет қызметін, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілердің, сондай-ақ жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Күзет қызметін, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер, сондай-ақ жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары уәкілетті органның аумақтық құрылымдық бөлімшесіне өздері жүзеге асыратын қызмет туралы есептілікті ұсынуға міндетті.

Күзет қызметімен, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын субъектілердің, сондай-ақ жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының есептілігі нысанын және оны ұсыну кезеңділігін уәкілетті орган бекітеді.";

2) 10-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жеке күзет ұйымының басшысы, жеке күзет ұйымының филиалы мен өкілдігінің басшысы, сондай-ақ күзет қызметін жүзеге асыруға тартылған күзет ұйымының өзге де басшы қызметкерлері үшін олардың жеке күзет ұйымының күзетші лауазымын атқаратын жұмыскерлеріне қойылатын талаптарға сәйкестігі міндетті талап болып табылады.";

3) 15-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Жеке күзет ұйымдары өз қызметін тоқтата тұрған немесе қайта бастаған, сондай-ақ күзет қызметтерін заңды тұлға тіркелген жерден тыс жерде көрсеткен жағдайларда күзет қызметтерін көрсеткен немесе тоқтатқан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органның аумақтық құрылымдық бөлімшесіне қағаз немесе электрондық нысанда тиісті хабарлама жіберуге міндетті.";

4) 17-1-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың төртінші бөлігі "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 1-1-тармағына сәйкес үшінші тұлғаларға көрсетілетін күзет қызметтеріне қолданылмайды.";

5) 18-баптың 4-тармағындағы "және арнаулы құралдарды" деген сөздер алып тасталсын.

4. "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) әскерилендірілген теміржол күзеті (бұдан әрі – әскерилендірілген күзет) – акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке немесе Ұлттық теміржол компаниясына тиесілі, жүктерді және тасымалдау процесінде пайдаланылатын теміржол көлігі объектілерін күзету жөніндегі қызметтерді көрсететін заңды тұлға;"

2) 33-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Әскерилендірілген күзет үздіксіз күзетуді қамтамасыз ету мақсатында үшінші тұлғаларға транзиттік теміржол жүк тасымалдарын жүзеге асыруға тартылған терминалдар аумақтарында жүктерді және теміржол көлігі объектілерін күзету жөніндегі қызметтерді көрсетуге құқылы.".

5. "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың тақырыбы мен 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы негізгі мақсат, міндеттер мен қағидаттар

1. Мемлекеттік құқықтық статистиканың және арнайы есепке алудың негізгі мақсаты мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды біртұтас статистикалық қағидаттар мен стандарттар негізінде мемлекеттегі заңдылықтың және құқықтық тәртіптің жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы негізгі мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді шешу арқылы іске асырылады:

1) қоғамның, мемлекеттің және халықаралық қоғамдастықтың ресми құқықтық статистикалық ақпаратқа деген қажеттілігін қанағаттандыру;

2) мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені жетілдіру мен дамыту;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттер.";

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 12-12) тармақшамен толықтырылсын:

"12-12) қылмыстық қатерлерді анықтау жөніндегі болжамды-талдамалық қызметті жүзеге асырады;"

3) 7-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 5-2) тармақшамен толықтырылсын:

"5-2) қылмыстық қатерлерді анықтау жөніндегі болжамды-талдамалық қызметті жүзеге асырудың нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірлеуге және оларды құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне жіберуге;"

6. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

5-баптың екінші бөлігі алып тасталсын.

7. "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 29-бап мынадай мазмұндағы 5-2-тармақпен толықтырылсын:

"5-2. Қызмет бабында ауыстыру кезінде қызметкер осы Заңның талаптарын лауазымға соңғы тағайындалған кезінен бастап үш жыл ішінде анықталған бұзушылықпен лауазымға тағайындалған жағдайда, ол лауазымынан босатылуға және құқық қорғау органының қарамағына қабылдануға тиіс.";

2) 46-1-баптың 2-тармағы 8) тармақшасындағы "бас тарту қызметкерді құқық қорғау органының қарамағына қабылдау негіздері болып табылады." деген сөздер "бас тарту;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) осы Заңның 29-бабының 5-2-тармағында көзделген тәртіппен қызметкерді атқаратын лауазымынан босату қызметкерді құқық қорғау органының қарамағына қабылдауға негіз болады.";

3) 54-баптың 2-тармағындағы "жай-күйіне жауап береді" деген сөздер "жай-күйі және сеніп тапсырылған органда кадр жұмысында анықталған бұзушылықтар үшін жауапты болады" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

2-қосымшадағы 20-жол алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. ТОҚАЕВ